

ӘОЖ 821.512.122

ЯШ ТҮРКІСТАН ЖУРНАЛЫ ЖӘНЕ ОНДА КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР

Қалжан Айшабибі Ермекқызы

aishabibi_kalzhan@mail.ru

ЕҰУ-дің Халықарлық қатынастар факультетінің 1 курс магистранты

Ғылыми жетекші - Айдын Жалмырза

«Яш Түркістан» журналы - бәріміз үшін де құнды мұра. Октябрь революциясынан кейін Түркістаннан көптеген зиялылар мен суретшілер кетуге мәжбүр болды. Түркия мен Еуропа қоспағанда, ол араб елдеріне және Америкаға барып, осы елдерде Түркістан тәуелсіздігі үшін күрескен. Олар күрес үшін таңдаған жолдарды газеттер мен журналдарды басып шығарды. Түркістан әдебиеті мен баспасөз кеңестендіргенмен «Яш Түркістан» журналда ұлттық рухта мақалалар жарияланды. 1929 -1939 жылдың арасында Парижде Мұстафа Шоқайұлы редакциясымен баслып шығады. 4017 беттен тұратын журналда зияткерлік, саяси және әдеби жазбалар бар. Ол сондай-ақ тіл, баспасөз, география, сын-

катерлер, кітаптарды таныстыру және білім беру туралы мақалалар жариялады [1, 3 б].

1929 жылдың ақпанынан бастап Мұстафа Шоқайдың басшылығымен және оның ізбасарлары, Бұхара халық республикасынан 1922 жылы Германияға оқуға жіберілген Тахир Шағатай мен Абдулвақап Оқтайдың қатысуымен “Түркістан идеясына қызмет ету” мақсатында “Яш Түркістан” журналы жарық көре бастады. Журнал мұратын “Біздің жол” атты мақалада: “Біз, Түркістан тәуелсіздігін жоқтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанды бодандықтан құтқару үшін күресеміз”, -деп айқындады. «Яш Түркістанның» авторлары қатарында Ибрахим Арифхан (Йарқын), Ахмет Найым Өктем, Салих Еркінқол, Абдуллахзаде Тевеккүл Бабур т.б. сынды азаматтардың есімі белгілі болды. Журнал М. Шоқайдың өлкелік Түркістан түрік жазба тілін қолданды, мұны олардың «Журналымыз белгілі бір диалекті ықпалында болмайды, біз тұтас Түркістанның ортақ журналы болғымыз келеді» деген сөздері де растайды. «Яш Түркістан» журналы он жыл бойы Парижде дайындалып, Берлиндегі баспадан жүз он жеті санын жарыққа шығарды [2, 174 б]. Оның 117 санында жарық көрген мақалалар, айтылған ой - пікірлер өткен ғасырдың 30 - жылдарында қалай қажет болса, бүгін де, ертең де солай қажет!

«Яш Түркістан» журналы әдебиет айдарына ерекше мән беріп, өз елінде оқылуына тыйым салынған Мағжан, Чулпан, Елбек, Мүнәууар Қари т.б. сынды түрікшіл ақындардың өлеңдерін жариялап отырды. Бірінші санында-ақ «Түркістан ақындарынан» тақырыбымен Мағжанның «жастардың жадында жатталып, аузынан түспей айтылған» (М. Шоқай) «Түркістан» өлеңі мен Чулпанның «идеологиялық майдандағы күрестерде» айтыстарға себеп болған «Жапырақтар» атты өлеңін басты. Аталған айдардың екінші санында Мағжанның «Алыстағы бауырыма» деген өлеңін ұсынды. Журнал түрікшіл ақындардың өлеңдерін дәріптеуге айрықша ден қоя отырып, Түркістан әдебиетіндегі түрікшілдік идеясының одан әрі дамуына игі ықпал етті. «Яш Түркістанның» алдында әлемнің бірнеше мұсылман елдеріндегі түркістан эмиграциясына байланысты басқа да маңызды мақсат тұрады.

Журналдың негізгі мақсаттарының бірі олардың барлығын ТҰБ туының астында топтастыруға, өз араларында байланыстар орнатуға, мүмкіндігінше елмен жалғастыруға ұмтылады. «Яш Түркістан» журналын түркі елдері қызығушылықпен оқыған. Мұстафа Шоқай өз мақаласында Араб елдерінен, Түркиядан, Персиядан, Үндістаннан, Ауғанстаннан, Қытайдан, Қиыр Шығыстан және басқа да елдерден түсіп жатқан хаттарда журналға құрметпен қарайтыныны туралы атап өтеді.

1935 ж. журнал бірнеше шығыс және батыс елдеріне таралады. Сол уақытта түркістандық эмигранттар Үндістанда, Ауғанстанда, Сирияда, Финляндияда, Эстонияда, Польшада, Румынияда, Түркияда, Германияда, Францияда, Чехияда, Венгрияда, Мысырда, Қытайда, Жапонияда және басқа да елдерде тұрып жатады. Осылардың барлығында да «Яш Түркістан» журналы алдырылып, қолдан қолға өтіп, оқылып тұрады.

Журналдың таралымы жөніндегі 1935 жылғы бір құжатта оны Токиодағы (Жапония) «Идель-Урал түрік-татар мәдени қоғамы» алдырып тұратындығы, басылымды қолдау мақсатында қаражат жинатылғаны көрсетіледі. Пешавардан (Үндістан) келген хатта онда тұрып жатқан түркістандықтар «Түркістанды азат ету қоғамының» құрылғандығы, «Яш Түркістанның» урду тіліне аударыла бастағандығы жөнінде хабарлайды. Түркиядан келген хаттарда журналдың көлемін арттыру сұралады.

“Яш Түркістан” журналын Шоқайдың бүкіл шығармашылық өмірінің ең көрнекті туындысы деп айта аламыз. Саясат пен баспасөзді Шоқайдың ең маңызды екі жұмсысы ретінде көретін болсақ, Қоқан автономиясын Шоқайдың саясат саласындағы, ал “Яш Түркістан” журналын болса, баспасөз саласындағы ең маңызды еңбегі ретінде бағалауға болады. Александр Чульгин “Яш Түркістан” журналын Шоқай мен жолдастарының таңқалдырарлық деректі еңбегі ретінде жоғары бағалайды [3, 28 б].

Журнал тек Европада он жылдай ұзақ уақыт шығып тұруымен ғана емес, сонымен қатар, беттерінде орын алған мақалаларының өзектілігі, тұжырымдарының өткірлігімен де ерекшеленді. Сондай-ақ, “Яш Түркістан” журналы Түркістанның саяси, экономикалық, әдеби

және мәдени мәселелеріне терең талдаулар жасаған журнал ретінде де көзге түсті. Қазақтың жер мәселесіне байланысты белсенді қызмет еткен тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Өзінің саналы ғұмырын халқының жоғын түгендеуге арнаған Мұстафа Петербург университетінің студенті болып жүргенде ақ, жерлестерінің арыз-шағымдарына араласып, мұқтаж істеріне қол ұшын беріп отырған. Халқының ұлттық мүддесін жоғары қойған М.Шоқай елінің бостандыққа жетуін аңсады.

Баспасөз өркендеп, сөз пәрмені күшейген кезде, басылым беттерінде қоғамдық-саяси өмірде жасалған, жасалып жатқан өзгерістер мен іс-әрекеттерге жан-жақты пайымдаулар жасалып, көзқарастар қалыптаса бастады. Осы ретте «Яш Түркістан» (1929-1939) журналының маңызы ерекше еді. Германиядан шығып тұрған басылымның алдына қойған міндеті туралы М.Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән-маңызын әлсіретпей «Яш Түркістанның» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік», # дейді [4, 8 б].

Қайраткер М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында әр тарапты маңызды мәселелерді қозғайтын мақалаларды жариялап отырған. Оларды тақырып жағынан былайша саралауға болады:

жер-су, шаруашылыққа байланысты;
ұлт мәселесіне байланысты;
большевиктік іс-әрекеттер туралы;
өзге ел, мемлекеттер жайлы;
жекелеген адамдар, қайраткерлер жөнінде;
халықаралық жағдай туралы.

Осы топтастырылған мәселелердің ішінде жер мәселесі басты орындардың бірінде еді. М.Шоқай «Түркістанда мақта төңірегінде күрес» мақаласында сол кездегі маңызды іс – мақта мәселесіне тоқтап, мән-жайды баяндайды. Мақта шаруашылығын өркендету елдің қаншама қаражатын үнемдеп, шетел мақтасына тәуелділіктен құтқарады. Бұл үшін жаңа жерлерді суландырып, алқаптағы істен шыққан су жүйелерін жөндеп, іске қосудың жоспарланғаны туралы айтады. Мақта өсірудің бес жылдық жоспарындағы сандық көрсеткіштерге тоқтап, алдағы дамуына болжам жасайды. «Мемлекеттік жоспарлау комитеті және Бас мақта комитетінің берген мәліметтеріне қарағанда, Кеңес өкіметі шетелдерге мақта тәуелділігінен тек 1937 жылы ғана құтыла алады екен. Оған дейін ол шетелден әкелінген мақтаға қыруар валюта төлуге мәжбүр» [5, 56 б].

Осылайша, мақта шаруашылығын ұлғайтуды көздеп, дәнді дақылды өсіруді азайтса, ол астық тапшылығына ұшырататынын айтады. Сөйтіп патша өкіметінің мақта егісін көбейтіп, астықты сырт елдерден сатып алуды барынша қолдап-қорғаған саясатын сынайды. «Бүгін орыс үкіметі Түркістан халқының қаны мен жаны, беделіне пара-пар дәнді дақылдарды суармалы жерлерінен ығыстырып шығаруды көздеп, халықты орыс бидайына тәуелді етіп, оны күнкөріс тұрғысынан оларға байлап беріп отырғанын» ашына жазады. Жергілікті халықтың қолындағы жерлерді орыстың келімсектеріне амалын тауып беріп жатқан айтып, осы салада жүргізілуге тиісті күрес бағдарын айқындап отырады.

Ал туған елінен жырақта болған Мұстафа Шоқай ел еркіндігін аңсап, ұлт тағдырын, оның келешегін жастармен, олардың білім-танымымен байланыстырды. Ол жастар туралы «...Еуропада, Түркияда бірталай жастарымыз оқып жүр. Олардың біразы жоғары білім орындарын бітірді. Міне, бұл жастарымыз атамекеніміздің тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресін соңына дейін жеткізетін болады» деген сенімді пікірде болады. Жастарға үлкен үміт артқан Мұстафа «Яш Түркістан» журналына ақын-қаламгерлердің әдеби мұраларын жариялап, жастардың жүрегіне ұлттық құндылықтар тәлімін сіңіруге тырысты. Мәселен, Мағжанның «Түркістан» өлеңін елдің түкпір-түкпірінде жүрген жастардың аузынан түспей келе жатқан «дұғадай қасиетті өлең» деп атап, оның толық мәтінін береді. Сөйтіп «кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиялды» Тұранның ерлеріндей болуға шақырады.

Қоғамның ілгеріге озған зиялы қайраткерлері әлемдік ойдың көшбасшысы бола отырып, адамгершілік пен гуманизмге негізделген даму жолын мұрат тұтты, халқын ояту мен рухани өркендету жағында болды.

Шоқайдың өзі де “Яш Түркістан” журналына үлкен мән берді. Оның ойынша, журнал Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы күрестің туы болып табылады. Журналдың мақсатын алғашқы санында атап көрсеткен Шоқай мұның Түркістанның тәуелсіздігі мен халқының өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізуі жолындағы күрес екендігін айтады. Ал бұл күрестің негізін болса саясат, мәдениет және тіл салаларындағы жұмыстар құрайды. Шоқайдың пікірі бойынша ең алдымен түркі әлемінде мәдениет пен тіл бірлігін қамтамасыз ету қажет. Түркі мәдениетін барлық түркі халықтарының ортақ мәдениеті деп ұғынған жөн. Түркі халықтары бір-бірінің сөйлегенін және жазғанын ешқандай аудармашысыз түсінуі керек. Стамбулда шыққан бір газет Самарқанда да оқылуға тиіс. Осылайша, түркі халықтары арасындағы бірлік пен туыстық сезімдері күшейтіле біледі. Бірақ, Шоқайдың ойынша түркі халықтарының өзара мәдениет және тіл бірлігі идеясы, олардың өзге халықтардан бөлектенуін қажет етпейді. Керісінше, осы бірлікпен қатар, өздері секілді тәуелсіздік күресіп жүргізіп жатқан басқа халықтармен ынтымақтасуға ойысулары керек. Ол түркі халықтарының мәдени бірлігін бір отбасындағы бірлік-берекені қамтамасыз етумен теңестіреді. Осындай бірлік-береке қамтамасыз етілгеннен кейін басқа халықтармен тәуелсіздік мәселесінде одақтасуды жақтайды. Шоқай мұны Түркістанның тәуелсіздігі үшін қажет деп санайды.

“Яш Түркістан” журналының тағы бір маңызды міндеті – Түркістан мен түркі халықтарын өзгелерге таныстыру болып табылады. Бұл жөнінде Шоқай былай дейді: “Тәуелсіздікті аңсаған түркістандықтарға тек өз елі мен халқын сүюмен шектелуге болмайды. Біздің Түркістан мен түркі халықтарын басқаларға да сүйгізуіміз қажет.”

Шоқай бұл мақсатын “Яш Түркістан” журналының алғашқы санында-ақ ашық түрде ортаға салады: “Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік талаптарын мағынасын бұзбастан, күшін азайтпастан “Яш Түркістан” беттерінде айта алар болсақ, біздің баршамыз үшін қасиетті және үлкен жауапкершілікті міндеттің бір бөлігін жүзеге асырған боламыз”.

Шоқай “Яш Түркістан” үшін алдына қойған мақсаттарға айтарлықтай қол жеткізген көрінеді. Шоқаймен бірге “Яш Түркістан” журналын жариялауға орасан зор еңбек сіңірген Чағатай журналдың он жылдық өміріне баға бергенде журналдың Түркістан мәселесіне шетелдіктердің, әсіресе еуропалықтардың назарын аударуда табысты болғанына баса көрсетеді. Чағатайдың пікірінше, босқын баспасөзін жатырқап сенімсіздікпен қарайтын Европа елдерінде, бұл үлкен бір жетістік болып табылады. Журнал маңызды мақалалары және берген хабарларының шынайылығымен еуропалықтардың сеніміне ие болды. Ол сонымен қатар Европада Түркістан турасындағы ақпарат бұлағына айналды. Сондықтан, “Яш Түркістан” Европаның ғылыми және саяси орталарында тұрақты оқырмандар тапты [4, 25 б.].

Шоқайдың Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы күресі үшін зор үміт артқан “Яш Түркістан”, яғни “Жас Түркістан” журналының аты кездейсоқ қойылған ат емес, қайта саналы түрде жасалған таңдау еді. Мұның өзі, Шоқайдың Түркістанның тәуелсіздік күресінде жастарға деген сенімінен туындаған еді. Бұл сенімін Шоқай бір сөйлеммен былай деп ортаға салады: “Біз тәуелсіз Түркістанымыз үшін қажетті барлық нәрсені жас ұрпақтан күтеміз.” [6, 6 б.].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi Sayı 39, Erzurum 2009
2. Жалмырза А.А. Отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиеті (қалыптасуы, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты) – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, 2013. – 202 б.
3. Чульгин А. Памяты Друга, “Türkeli”. 1951, желтоқсан, №4, 28-бет.
4. Шоқай М. Таңдамалы. Бірінші том. Алматы, 1998

5. Шоқай М. Biznin Yol. “Яш Түркістан”. № 1, 1929, желтоқсан.

6. Шоқай М. Kozgalışdan Kuruluşğa (İsyandan Teşkilatga). “Яш Түркістан”. № 9-10, 1930, Тамыз-Қыркүйек.